

Археологиялық зерттеулер жемісін берді

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 2017 жылғы халықаралық археологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі археологиялық экспедициясының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарған жұмыстарының нәтижесі: «Қазақстан-Жапония, «Қазақстан-Германия, Қазақстан-Ресей» атты дөңгелек үстел өтті.

Бағашар ТҮРСЫНБАЙҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Дөңгелек үстел жұмысына Нара ғылыми-зерттеу институтының профессоры Садақау Кунитакэ, Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Итиро Кавабата, Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Қуатжан Уәлиев, Ұлттық музей директорының орынбасары, экспедиция жетекшісі, тарих ғылымының докторы, профессор Жәкен Таймағамбетов және осы салада қызмет етіп жүрген ғалымдар мен жетекші мамандар қатысты.

Бес жылдық «Paleo Silk Road» бағдарламасы аясындағы Ұлттық музей мен Тюбинген университетінің (Германия) бірлескен халықаралық экспедициясы бірінші жылғы жұмысын қорытындылады. Страфикацияланған палеолит ескерткіштерін іздеу бойынша жүргізілген Майбұлақ кейінгі палеолит тұрағы және Шығыс Қазақстан өңіріндегі



қазба жұмыстарына Ұлттық музей ғалымдары, Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Үндістан, Чехия ғылыми мекемелерінің өкілдері қатысқан. Дөңгелек үстел барысында 2016 жылы Ұлттық музей мен Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімінің Археология және этнография институтының мамандары ашқан Үшбұлақ палеолит тұрағына жүргізілген Қазақстан-Ресей, Қаратау өңіріне жүргізілген Қазақстан-Жапония, Шығыс Қазақстан өңірін зерттеген Қазақстан-Германия археологиялық экспедициясы жұмыстарының нәтижелерін профессор Жәкен Таймағамбетов таныстырды.

«Бес жылдықтың алғашқы

бірінші жылында атқарылған жұмыстардың көбі басталды. Кейбір аймақтар жекешеленіп, я табиғи өзгерістерге қатты ұшырағандықтан зерттеу жүргізуге қолайсыз болды. Ендігі жылдардың жұмысы бұдан да зор тарихи табыстарға әкеледі. Өйткені бұл біздің өткеніміз. Әлі зерттелмеген обалар да өз ғалымын күтіп жатыр» деді ол алдағы күндерге үлкен үміт артып.

Тас ғасырының жаңа жиырма ескерткішінің ашылуы археология экспедициясының жемісі. Қазақстан тарихына өзге мемлекеттердің ғалымдары да аса қызығып отыр. Өйткені өткен дәуірлер бізді жақындатады. Нара ғылыми-зерттеу институтының профессоры Садақау

Кунитакэнің айтуынша, Африканы адамзат баласының мекендегеніне алпыс мың жыл болса, Жапонияға адам аяғының тигеніне отыз мың жыл болған. Жапондардың арғы аталары Қазақстанның Оңтүстік аймағынан барған, я сол жерлерді басып өткен деп есептейді. Ғалымның аса қызуғышылығын оятқан себептердің бірі осы болса керек.

Ұлттық музей ғалымдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы осы жұмыстарын әрі қарай табанды түрде жалғастыратындар айтты.

Суретті түсірген
Ерлан ОМАР,
«Егемен Қазақстан»